



БҰЙРЫҚ

22.05.2024 № 03-09/299
Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

город Актау

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін
2024 жылға арналған
мемлекеттік гранттардың
басым бағыттарының тізбесін
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік гранттрады қалыптастыру, беру, мониторингілеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларының 9 – тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2024 жылға арналған мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының арнаулы әлеуметтік қызметтерді үйлестіру бөлімі осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тізбені Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының арнаулы әлеуметтік қызметтерді үйлестіру бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының арнаулы әлеуметтік қызметтерді үйлестіру бөлімінің басшысы М.Мусинаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы



А. Шопанов

000537